

**Жамбыл облысы «Сарысу ауданы әкімдігі білім бөлімінің
Техникалық шығармашылық орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

«Болашаққа қадам – қуат көздерінің баламасы»

атты республикалық балалардың ғылыми-техникалық байқауына

**Жетекшісі: Ақылбеков Темір Ермекбаевич
өндірістік оқу шебері**

**Оқушы: Балтабаев Маді
«Авто-XXI» үйірмесінің 10 сынып оқушысы**

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
3. Тұжырым
4. Пайдаланылған әдебиеттер: Интернет материалдары
5. Қосымша: Шағын жел генераторының суреті
6. Сызбалар

Кіріспе

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ұлт жоспары - 100 нақты кадамның 79 қадамында даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру деп нақты көрсетіп берді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады» - делінген болатын

Осыған орай жасөспірімдерге тәрбие беру арқылы оларды өз бетінше таңдау жасай білуге, қиындыққа жол таба алуға, шығармашылық тұрғыда еркін ойлауға, кез-келген істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізу сияқты қасиеттерін қалыптастырамыз.

Балалардың техникалық шығармашылығы балалардың кәсіби бағдарын қалыптастырудың, техника мен ғылымға деген қызығушылығын дамытуға ықпал ететін, сондай-ақ рационалдық пен өнертапқыштық қабілеттерін ынталандыратын маңызды тәсілдердің бірі болып табылады.

Балалардың техникалық ышағрмашылық үйірмесінде құрылғыларды, модельдерді, механизмдерді және басқа да техникалық нысандарды құрастырумен айналысады.

Балалардың техникалық шығармашылығы негізінен 4 кезең бойынша жүзеге асады:

- шығармашылық жұмыстың міндетін анықтау;
- ақпарат жинау және зерделеу;
- шығармашылық жұмыстың орындалу жолдарын, әдістерін таңдау;
- жұмысты орындау, нәтижеге жету;

Негізгі бөлім

Жел қуатымен жұмыс істейтін шағын жел генераторын Ақылбеков Темір Ермекбайұлының басшылығымен «Авто-XXI» үйірмесінің 10 сынып оқушысы Балтабаев Мади екеуі бірігіп жасаған. Шағын жел генераторын жасаудағы негізгі мақсаты қазіргі таңдағы шаруа қожалықтарының басты мәселелерінің бірі электр энергиясын экономикалық тұрғыда үнемді шешу. Яғни электр желісі тартылмаған жерлерде қосымша шығынсыз табиғаттың күшімен электр энергиясын өндіру, желдің күшін пайдалана отырып 12В тоқ қуаты арқылы үйді жарықтандыруға, аккумулятор батареясын қуаттандыруға, 12 В тоқ қуатымен жұмыс істейтін телевизорды көруге және қалта телефонын қуаттап алуға болады.

Біздің мақсатымыз:

- оқушылардың шығармашылық жұмысының әр алуан түрлері туралы білімдерін толықтыру және тереңдету;
- әр түрлі материалдарды жөндеу, пайдалану кезінде қолданылатын жұмыс әдіс-тәсілдерімен еңбек құрал-саймандарын пайдалану шеберліктерін жетілдіру;
- компьютермен жұмыс істеу сауаттылығын арттыру;
- балалардың танымдық шығармашылық қызметтерінің белсенділігін арттыру;
- еркін және бейнелі ойлау қабілетін дамыту;
- балалар тапқырлығын, зейінділігін, ізденімпаздылығын қалыптастыру;
- еңбек сүйгіштікке шыдамдылыққа тәрбиелеу;
- өзінің және өзгелердің еңбегіне құрметпен қарауға, ұжымдық қарым-қатынасқа тәрбиелеу;
- этикалық, эстетикалық талғамдарды қалыптастыру;
- шығармашылық жұмыс кезінде пайда болған әр-түрлі мәселелерді шешуде жеке ой пікірін білдіре отырып оны дәлелдеуге қалыптастыру;
- кәсіптік мамандық таңдауға көмек көрсету;
- оқушылардың конструкторлық қабілетін ояту;
- логикалық ойлау жүйесін дамыту;
- оқушылардың жер анаға деген сүйіспеншілігін арттыру;
- ауылшаруашылығында еңбек етуге қалыптастыру;

Тұжырым

Жел қуатымен жұмыс істейтін шағын жел генераторын жасау барысында үйірме оқушысы Балтабаев Мади минималды шығандар негізінде максималды игілікті істер жасауды басты мақсат қылып өзінің еңбекқорлығын, ізденімпаздығын, логикалық ойлау қабілетін, конструкторлық қабілетінің жоғары екендігін көрсетті. Жел генераторын жасау барысында пайда болған мәселелерді шешуде ұстанымдылығын, сабырлылығын, техникалық, физикалық, математикалық білімін пайдалана отырып дұрыс шешім қабылдай білді.

Істеген ісі тиянақты, өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды.

Жел генераторының жұмыс нәтижесін көрген көптеген ауылшаруашылық басында жүрген қарапайым адамдардың өзі қызығушылық танытты. Шаруашылық та пайдалануға болатын игі іс екендігін мойындады. Ал оқушыларымыздың шығармашылық жұмысқа деген қызығушылығы артты. Келешекте жел генераторын жетілдіре түсуді ойластырудамыз.

